




АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

2024



Бнесалмина Дамегуль Нагиевна

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ
ҰСАҚ САУСАҚ МОТОРИКАСЫН ДАМУ**

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы
Ақтөбе қаласы, И.Тургенев көшесі, 86 (3 кабат)
Байланыс телефоны:
8-7132-548624
e-mail: baspa@aktedu.kz

Ақтөбе қаласы

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ
ҰСАҚ САУСАҚ МОТОРИКАСЫН ДАМУ**

«Ақтөбе облыстық
әдістемелік орталығы»
баспа бөлімі

АҚТӨБЕ - 2024

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы бөлімінің әдістемелік кеңесінде қарастырылып, баспаға ұсынылды

Құрастырушы: Бисеналина Дамегуль Нагиевна - Ақтөбе қаласы №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

Пікір берушілер:

А.А.Искендірова - Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының бөлім әдіскері, п.ғ.м.

С.О.Жубаева - Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының бөлім меңгерушісі, г.ғ.м.

Саусақ жаттығулары мен ойындары – баланың біртұтас және өзара байланысты сөйлеу тілін және ұсақ моторикасын дамытудың ең тиімді құралы. Балалардың тіл дамуының деңгейі саусақтардың ұсақ қимыл-қозғалыстарының қалыптасу дәрежесіне тікелей байланысты. Саусақ жаттығулары мен ойындары мектеп жасына дейінгі балалардың ой-қиялын, елестету сезімдерін дамытуда, саусақ қимылдарын жетілдіруде көмектеседі.

КІРІСПЕ

Мектепке дейінгі кезеңде қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыстарын дамыту жұмыстары маңызды болып табылады. Адамның бас миындағы тілдің моторлы орталықтары саусақтың моторлы орталықтарына жақын орналасқан. Су-Джок терапиясының авторы Паджев адамның ағзасының белсенді нүктелері қол саусағында орналасатынын дәлелдеген болатын. Сол себепті де, балалар мен күнделікті жұмыста әр баланың жеке қабілетін ескере отырып, жалпы және арнайы моторикасын дамыту үшін, ойындар мен тапсырмалар беріп отыру қажет. Балабақша тәрбиесінде балаларға қол қимылдарын, саусақ, қол бұлшық еттерін дамыту, буын сүйектерін қалыпты жағдайда өсіп жетілуіне, ойын арқылы балалардың дыбысты дұрыс айтуға, тез және таза сөйлеуге үйретуде қол саусақтары жаттығуларының алатын орны ерекше. Логопедиялық және барлық түзету қызметтеріне саусақ жаттығулары мен саусақ массаждары алынады. Баланың түзету әрекетінің қабылдауына және жалпы дамуына ойын арқылы қызықты түрде бекіту қажет. Ұнаған ойынды ойнатып – оқытқанда баланың қызығушылығы артады.

Адамдарда қол және сөздік функциялары параллельді түрде жүрген. Ғалымдар қолдың моторикасының ықпаласқа, көңіл бөлуге, ойлауға, елестетуге, бақылауға, көруге және есте сақтауға ықпал ететінін дәлелдеді. Сол себептен, баланы сөйлеуге үйрету үшін артикуляциялық аппаратпен жаттықтырып қана қоймай, қолдағы саусақтардың қозғалысымен жетілдіру керек.

И.П.Павлов, А.Р.Лурья, А.А.Леонтьев көрнекті ғалымдардың зерттеуімен сөздің қалыптасуы мен саусақтың нәзік қозғалысының дамуы тығыз байланысты деген қорытындыға келді. Неліктен адам таппайтын керекті сөздерді түсіндіру үшін ымдарды пайдаланады? Немесе керісінше: бала неге жазу немесе сурет салу үшін өзінің тілін шығару арқылы өзіне көмектеседі. Белгілі бала тілін зерттеуші М.М.Кольцов (1979) қолдың саусақ қозғалысы адам баласының дамуы, тарихи жүрісі, сөйлеу функциясымен тығыз байланысты екенін жазған. Шығыс медицинасына көңіл аударсақ – ұсақ моторикаға жасалған массаж адамның денесіндегі барлық жүйесімен байланыстырылады.

Ойын жаттығуларын беруде мына принциптерге сүйену қажет: ойын жаттығулары балаларға қызықты, тартымды болу қажет, ересек пен бала арасындағы қарым-қатынас сенімділікке құрылуы қажет. Саусақ жаттығулары қарапайымнан күрделіге қарай ойысады.

Қолдың саусақ қызметін анықтайтын бірыңғай ұғым әдебиетте кездеспейді, дегенмен тәжірибеге жүгіне отырып, оларды жинақтасақ: қолға арналған гимнастика, саусақ гимнастикасы, саусақ ойындары мен жаттығулары, саусақ ойын тренингі, массаждар. Саусақ гимнастикасын күн сайын 3-5 минуттан жеке

және топпен өткізуге болады. Егер бала қимылдарды өз бетімен орындауды қиналса, онда ол жаттығуды жекеге қалдырып, пысықтауға болады. Жаттығу нәтижесінде бала саусақ қимылдарын өз бетімен және жеңіл орындайды. Ойын қимылдары әрдайым қызықты да, тартымды болу шарт, баланы мезі қылмауы керек. Мысалы: саусақ ойындары мен жаттығуларын орындату үшін де әр түрлі тәсілдер қолданылады. Саусақ қозғалыстары әр түрлі қысқа ырғақты тақпақтарымен айтылады.

«Саусақ ойындары» қоршаған әлемнің шындығын - заттар, жануарлар, адамдар, олардың іс-әрекеті, табиғат құбылыстарының бейнелеп көрсететіндей. Саусақ ойындарының барысында балалар үлкендердің қимылдарын қайталай отырып, қолдарының моторикасын белсендіреді. Сол арқылы ептілік, өз қимылдарын басқара алу дағдысы, зейінін бір іс-әрекетке концентрациялауға мүмкіндік береді.

Халық педагогикасының ерекшеліктерін пайдалана отырып, өзімізге ертеден таныс «Қуырмаш» - ойын саусақ атауларын бала тәрбиелеуде, оның тілін жетілдіруге, ойын ұштауға әдемі пайдаланатынымызды білеміз. Фольклорлық материалдың қолдануымен құрылған саусақ ойындары мектепке дейінгі жастағы баланың дамуында аса маңызды, олар мазмұнды, қызықтыратындай, дидактикалық толысуы жағынан сауатты болып келеді. Өз тәжірибемде тәрбиешілерге саусақ ойындарын сергіту жаттығуларына, ертеңгілік жаттығуларға, барлық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері үстінде үнемі пайдалануды ұсынамын.

Жалпы ойынның қандай түрі болмасын, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтауға негізделеді. Соның ішінде саусақ ойынына тоқталайық, саусақ ойыны - қол саусақтарының көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең, тақпақ шумағын сахналауға, би қимылдары мен қимыл әрекет ойындары арқылы да әсерлі нәзік қол қимылдарын көрсетуге болады.

«Санамақ» ойыны

Мақсаты : кіші моториканы және сөйлеу ырғағын дамыту.

Бір, екі, үш, төрт, бес,

Анаммен сурет саламын , (алақанды жұмып ашады)

Міне басы, міне іші (қолды шенбер жасап айналдырады)

Аяқтары, қолдары, көздері (қолымен кішкентай және үлкен шенбер салу)

Аузы, сақинадан жасалған (ауада сақинаны салу).

Әдемі шашы да бар (қолдарын екі жаққа ашады)

Оң қолымда бес саусақ (оң қолының саусақтарын көрсету)

Сол қолымда бес саусақ (сол қолдың саусақтарын көрсету)

Бәрін қоссақ – он саусақ (екі қолының саусақтарын қосу)

Он аяқпен секіремін (екі аяқпен кезек секіру)

Сол аяқпен секіремін (орында жүру)

«Қуырмаш» ойыны

Қуыр-қуыр қуырмаш,

Балаларға бидай шап.

Бас бармақ,

Балан үйрек,

Ортан терек,

Шылдыр шүмек,

Кішкене бөбек.

Сен тұр – қойына бар!

Сен тұр – жылқына бар!

Сен тұр – ешкіне бар!

Сен тұр – сиырына бар!

Сен тұр – түйене бар!

Ал сен аландамай,

Қазан түбін жалап, үйде жат.

Мына жерде құрт бар,

Мына жерде май бар.

Мына жерде қатық бар,

Қытық, қытық!

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған саусақ ойыны баланың сөйлеуге деген таппынысын, қабілетін дамытып, ынтасын арттырады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойынының шарты түсіндіріледі әр қимылы көрсетіледі.

«Жасыру»

Ойын шарты: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.

Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.

Ал енді, келесі қолға жасырамыз.

Қарандашты қыса отырып,

Алақанды ауыстырамыз.

Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.

«Моншақтармен ойын»

Қызыл-сары көк моншақ.

Мен жасаймын көп моншақ

Ойын шарты: Балаға әр түрлі диаметрлі моншақтар беріледі. мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді, әрі оларды тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет, әрі қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Бұл ойында тек қол ісмерлігі ғана емес, сенсорлық (түс, көлем, пішін) қабілетті дамиды.

Баулармен ойын

Ойын шарты: Баулар таратылады олардың әр жерден түйілген түйіншектерін қолдарымен ұстайды. Бұл ойынды ойнау арқылы сенсомоторлық бағдарлауы, ұсақ моторикасы, жазықтықта бағдарлауы, «жоғары», «төмен», «оң», «сол» ұғымдарын игерулеріне жәрдемдеседі, тілді дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырып, қолды босаңсытады.

«Тіс щеткасымен ойын»

Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.

Саусақ ойындары

«Қолтырауын»

Қолтырауын қонақ күтуде

Тістері тура шегедей

- Бұл жерден қой өтпеді ме?

Деп сұрадым ойын білмекке

Ал ол болса тымпиып жатыр

Көзін қысып қылқиып жатыр

1. Екі қолдың саусақтарын түйіп қайта ашып қалады.

2. Саусақтарын ашқан күйі оң алақанды сол алақанның үстіне беттестіре саусақтарды сәл дөңгелете «Қолтырауынның аузын ашқаны сияқты» ашып жабады.

3. Қолдары төмен бос тастап, нықты жоғары көтереді.

4. Алақандарын бір біріне ысқылайды

5. Көздерін қысады

«Кім келді?»

Қане, қане кім келді?

Біз, біз, біз!

Апа, апа, бұл сіз бе?

Иә, иә, иә!

Әке, әке, бұл сіз бе?

Иә, иә, иә!

Ағатайым, бұл сіз бе?

Иә, иә, иә!

Қарындасым, бұл сен бе?

Иә, иә, иә!

Біздер тату жанұя

Иә, иә, иә!

1. Екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады.

2. Екі қолдағы бас бармақтарды қосып ұстап, қалған саусақ ұштарын бір мезгілде соғады

3. Екі қолдың бас бармақтарының ұштары соғады.

4. Сұқ саусақтардың ұштарын соғады.

5. Екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады

6. Ортаңғы саусақтардың ұштарын соғады

7. Екі қолдың бас бармақтарының ұшын соғады

8. Аты жоқ саусақтардың ұштарын соғады

9. Екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады

10. Кішкене саусақтардың ұштарын соғады

11. Барлық саусақтардың ұшымен бірге соғады

12. Алақандарымен шапалақтайды

«Үкі»

Орманда қараңғы

Бәрі бәрі ұйқыда

Үкі ғана ұйықтамапты

Маңғазданып отыр қатты

Әрі бері отырды да

Қараңғыға қанат қақты

1. Екі қолдың білезіктерін біріктіре саусақтарды жан жаққы ашады

2. Алақандарын беттестіре жақтарына таянып «ұйқыға кетеді»

3. Бас бармақ пен сұқ саусақтың ұштарын біріктіре дөңгелентіп көздеріне қояды

4. Қолдарын артқа жинап, кеуделерін көтереді.

5. Қолдарын жан-жаққа жая ұшып, басқа орынға ауысады.

Тәрбиеші балаларға «Көмекшілер» әңгімесін оқып береді. Оқыған әңгіме мазмұнын балаларға айтқызу. Әңгімені мұқият тыңдайды, әңгіменің мазмұнын айтады.

Демонстрациялық көрнекілікті қолдану.

-Балалар, ас ішерде дастарханға отырарда тазалық сақтауымыз керек, қане барлығымыз орнымыздан тұрып «Мөлдір су» саусақ жаттығуын жасайықшы.

Сылдырлайды мөлдір су, (Саусақтарды судың ағысына ұқсатып қозғалту)

Мөлдір суға қолынды жу. (Қол жуғандай әрекет ету)

Жуынсаң сен әрдайым (Сұқ саусақпен нұсқау)

Таза бетің, маңдайың (Бет, маңдайды ысқылау)

Тазалықтың досы- (Алақанды жаю)

Су дегенің осы.

-Дастарханды кім дайындайды?

-Анамыз, әкеміз.

-Сендер қайтіп көмектесесіңдер?

-Нанның ыдысын алып береміз, кеселерді әкеліп, үстел үстіне қоямыз.

-Балалар, мына бала нені үстелге қояды ұмытып кетті?

Тәрбиеші балаларға жұмбақ шешуді ұсынады.

Өткір жүзді келеді,

Өте қажет құрал ол.

Тұтас затты бөледі,

Ұсақтап та тұрар мол. (Пышак)

Сабы бар,

Басы шатыр.

Табысын өлшеп әкеп,

Құдыққа тасып жатыр. (Қасық) Балалар жұмбақтарды шешеді.

-Қасық, шанышқы, кесе, тостаған- ыдыс- аяқтарға жатады.

Сергіту сәті. Балалар қимылын келтіріп жаттығуды орындайды.

Орнымыздан тұрамыз,

Қолды белге қоямыз.

Бұрыламыз оңға бір,

Бұрыламыз солға бір,

Гүл- гүл жайнап жанамыз.

Жаттығулар жасасақ,

Жақсы сергіп қаламыз.

10 үлестірмелі материалдармен жұмыс.

«Заттын атын ата» дидактикалық ойын.

Шарты: суреттегі ыдыс- аяқтардың атын атау. Жеке жұмысты қажет ететін балалармен аналарына көмектесуі туралы сұрақ- жауап әдісі арқылы әңгімелесу.

Балалар суретін бейнеленген ыдыстардың аттарын атайды.

Балалардың ыдыс-аяқтар туралы алған білімдерін сұрақ- жауап арқылы қорытындылайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие» журналы, 2016ж.
2. «Если дошкольник плохо говорит» Т.А.Ткаченко С-П, «Детство-пресс»,2000г
3. «Хрестоматиялық материалдар, сергіту жаттығулары мен дамыту ойындары арқылы балалардың эмоциялық-танымдық қызметтерін қалыптастыру және дамыту» Г.Ж.Есенжолова, Алматы, 2008ж. «ӘБЕО» орталығы
4. «Играем пальчиками и развиваем речь» В.В.Цвынтарный,С-П, 2000г, издательство «Лань»
5. «Бала тәрбиесі» журналы, 2007ж
6. О.А. Шаграева «Детская психология». – М.: ВЛАДОС, 2001г.
7. Т.И Гризик. «Ловкие пальчики».- М: Просвещение, 2007г
8. Е.А. Янушко «Сенсорное развитие детей раннего возраста». – М.; Мозаика-Синтез, 2009г

Бисеналина Дамегуль Нагиевна

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ
ҰСАҚ САУСАҚ МОТОРИКАСЫН ДАМУ**



**Әдістемелік құрал автор ұсынған материалдар негізінде
Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының
баспа бөлімінде дайындалып, жүйеге келтірілді.**

**Методическая разработка подготовлена и систематизирована
на основе материалов автора в редакционном отделе
Актюбинского областного методического центра**

**Байланыс телефондары:
8-7132-548624**

e-mail: baspa@aktedu.kz